

## Жапонияның "Чори Ко, ЛТД" фирмасынан кредит алу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 5 қыркүйек 1994 ж. N 354-ө  
Өскемен титан-магний комбинатында титан қорын өндіру жөніндегі цехтың  
құрылысын аяқтау және пайдалануға беру мақсатында:

1. Жапонияның "Чори Ко, ЛТД" фирмасынан 3,2 миллион АҚШ доллар сомасында кредит тарту мақұлданын.
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкі осы кредитті пайдалану жөніндегі өкіл болып белгіленсін.
3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шет ел фирмасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 3,2 миллион АҚШ доллары сомасына кепілдігін берсін.
4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі осы өкімнің орындалу барысын және берілген кредиттің уақтылы қайтарылуын бақылауды қамтамасыз етсін, ал комбинат ілеспе шығындарды ескере отырып, өз қаржысы есебінен оны өтесін.

Премьер-министр